

Ерікті түрде вакцина салу науқаны басталды

Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 1 ақпаннан бастап Қазақстанда коронавирусқа қарсы ресейлік «Спутник V» препаратымен ерікті түрде вакцинациялау науқаны басталды.



Өскеменде алғашқы екпені облыстық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің өкілі Қанат Тұрдиев пен облыстық ана мен бала орталығының бас дәрігері Ермек Омарбеков, облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының Семей әніріндегі орынбасары Думан Берікұлы және облыстық перинаталдық орталығының бас дәрігері Арқат

Дайыrbеков алды.

— Пандемия біздің өмір салттымызды, өзімізді айтартылғатай өзгерпті. Бірақ егер біз үйренешкіті өмір салттымызға оралғымыз, бір-бірімізге бұрынғыдан қонақта, кинотеатрларға, театрларға барғымыз және туыстарымызды кедергісіз көргіміз келсе, біз басты екі шартты орындауымыз қажет. Атап айтқанда, вакцина салдыруға және бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің барлық нұсқауларын орындауға тиисіз. Сонда біз қалыпты өмірге орала аламыз. Біз біргеміз! Біз бұл пандемияны бірге женеміз деп есептеймін, — деп атап өтті Ермек Омарбеков.

Шығысқазақстандық дәрігерлер сонымен қатар «Instagram» әлеуметтік желісінде қазақстандықтарды өз денсаулығына қамқорлық жасауға және егу науқанына қатысуга шақырған жаңа челлендж бастады.

«Мен «Sputnik V» вакцинасын ерікті түрде қабылдадым, бұл мүлдем ауыртпайды, ең бастысы қауіпсіз!» — деп жазды желіде @galnik3 атымен тіркелген Семей қалалық жедел жәрдем стансасының бас

медбикесі Галина Чукурова.

@oralbekoralgaziev атты желі қолданушысы өз парақшасында #вакцина ал хәштегімен «Терапевтік тексеруінен кейін мен «Спутник V» вакцинасын алдым», — деген жабық қалдырыды. Вакцинациядан бірнеше сағат өткен соң, ол өзін жақсы сезінеді, шағымдары жоқ.

— Мен бірінші болып вакцина қабылдауды өз еркіммен шештім, бұл қажетті шара деп санаімын. Қазір мен жұмыста тұрмын, менде барлығы жақсы. В белгісі бар фотосурет вакцинаны білдіреді, сондай-ақ бұл — пандемияға қарсы біздің ортақ жеңісіздің белгісі, — дейді ақцияға қатысушы, облыстық аурухананың қабылдау бөлімшесінің қызыметкері Оралбек Оралғазиев.

Сондай-ақ жас дәрігер препаратқа жеке реакциялар пайда болған жағдайда не істеу қажеттігін түсіндіретін жадынамалардың фотокөшірмесін қоса жариялады. Онда пациенттердің 10%-ында әлсіздік, жалпы шаршау және жүрек айну болуы мүмкін екені жазылған, ондай кезде физикалық белсенділікіті азайтып, демалуға кенес беріледі.

Пациенттердің 5,7%-ында дene мен бұлшық еттің ауырсынуы, бас ауруы, қалттырау және дene температурасының 37 градустан жоғары көтерілуі байқалуы

мүмкін. 38 градустан жоғары температурада мамандар антиpirетикалық және ауырсынуды басатын дәрілерді қабылдауға кенес береді. «Егер дene температурасы 39 градустан жоғары болса және дәрі қабылдағаннан кейін 4 сағат ішінде төмендемесе, дәрігерді шақыру керек» делінген хабарламада. Пациенттердің 4,7%-ы вакцина салынған жерінде ауырсыну, қышу, ісінүү және қызаруды байқайды.

Бүгінгі күні облысқа 1300 доза вакцина жеткізілді (650 Өскемен қаласында, 650 Семей қаласында). Алғашқы вакцинаны Өскемен және Семей қалаларының емханалары алады.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметі бойынша, ақпан айының басында вакциналарды тасымалдау және сақтау үшін медициналық ұйымдарға 16 биомедициналық мұздатқыш пен көп рет қолданылатын термотіркегіштері бар 60 термоконтейнер қосымша сатып алынады.

Вакцина салуға профилактикалық етуге қарсы көрсетілімдері жоқ адамдар жіберіледі. Екпе салар алдында пациентті дәрігер міндетті түрде тексереді. Бұған дейін салалық басқармада вакцинацияны үйимдастыру және әдістемелік көмек көрсету, мониторинг жүргізу бойынша жұмыс комиссиясы құрылғанын айтқан болатын.